

Нысанқұлов І. Б., әскери және арнайы-тактикалық даярлау кафедрасының бастығы, полиция полковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Атыс даярлығында фотонысананы қолданудың тиімділігі

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының ведомствалық оқу орындарындағы курсанттардың кәсіби дайындығын жетілдіруде атыс даярлығының тиімділігін арттыру мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: атыс даярлығы, нысана, ату жаттығулары, қорғану, қол сұғушылық, залал келтіру, көкірек пішіні, фотонысаналар, шабуылдау және шегіну.

Атыс даярлығы — Қазақстан Республикасының ведомствалық оқу орындарындағы курсанттардың кәсіби дайындығының негізгі бөлігі. Аталған оқу орындарында атыс даярлығы өз алдына бөлек оқу пәні ретінде оқытылады. Сол себептен, келешекте ішкі істер органдары саласында қызмет атқаратын бүгінгі курсанттарымыз, жедел-жауынгерлік тапсырмаларды орындауда атыс қаруын ұтымды да тиімді қолдана білуге машықтанып, кәсіби шеберлігін арттыруға бар күш жігерін салуы тиіс.

Атыс қаруы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесуге сондай-ақ, қылмыс жасаған адамдарды ұстауға өте тиімді құрал болып саналады. Бұл күнде адамзат баласы атыс қаруының орнын ауыстыратындай басқа тиімдірек еш нәрсе ойлап тапқан жоқ. Сондықтан, оны заңды қолдану жеке бас құқығын, қоғам мен мемлекет мүддесін қорғау мақсатында шарасыздықтан рұқсат беріледі.

Сонымен бірге республикада криминалдық жағдайдың шиеленісуі әсіресе құқық қорғау органдары қызмекерлеріне қарсы шабуылдар мен қарсыласу, осы әрекеттердің өсуі, ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтардың өршуі, сондай-ақ қылмыскерлерді ұстау барысында олардың құқық қорғау органдарының қызметіне қарсылық көрсетуі мен қарулы шабуыл жасау санының артуынан атыс қаруын қолдану көрсеткіштерінің өсуіне тікелей ықпалын тигізеді.

Атыс қаруын қолданудың құқықтық негіздері — амалсыздан қорғануды, қылмыскерлерді ұстау және соңғы қажеттілік институттарын регламенттейтін нормаларға, сондай-ақ қоғамдық «Құқық қорғау қызметі турал» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңының 59-бабына сәйкес атыс қаруын қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату, құқық бұзушылықтың сипаты мен нақты ахуал ескеріле отырып, оларды жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу мақсатында қолданылады деп айқын көрсетілген [i].

Дегенмен құқық қорғау органдары қызметкерлері қару қолданғанда «Құқық тәртібін қолдау жөніндегі лауазымды адамдардың күш пен атыс қаруларын қолданудың негізгі принциптерінің» (Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылықпен айналысу жөніндегі БҰҰ Сегізінші Конгресімен қабылданған, 18) талаптарына сәйкес құқық бұзушылықтың қауіптілік сипаты мен дәрежесіне, бұзған адамдарға сондай-ақ көрсетілген қарсылықтың күшіне қарай, келтірілген залалды мүмкіндігінше азайтуға тырысуы керек [ii].

Құқық қорғау қызметкері амалсыздан адамға оқ ату туындаған жағдайда мүмкіндігінше қолынан немесе аяғынан атып, оның өмірін сақтап қалуы тиіс. Ал қазіргі уақытта еліміздің ішкі істер органдарының оқу орындарында атыс даярлығы Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкерлерінің атыс даярлығын ұйымдастыру жөніндегі тәлімдемедегі барлық практика жүзінде ату жаттығулары көкірек пішіні бойынша (оқпанадағы сарбаз) орындалады. Бәрімізге белгілі адамның көкірек қуысына тиген оқтың 90 % ауыр зардап әкеледі. Шынайы өмірде көбінесе қаруды бойлық пішін бойынша қолданамыз.

Осы көрсетілген кемшіліктерді қалыпқа келтіру үшін, күндізгі оқу факультетінің жоғары курстарында атыс даярлығынан оқу процесін жетілдіру мақсатында, кейбір батыс елдеріндегі террорға қарсы орталықтарындағы атыс даярлығының оқу процесінде қолданылатын фото (сурет) нысаналарды пайдалануды ұсынамын.

Ату жаттығуларын шынайы болып жатқан оқиғаға ұқсастыра ату жаттығуларын орындау үшін, белгілі нысаналар жүйесі қолданылады. Жақсы жасалған нысаналар тек дайындықты ғана арттырмайды, сонымен қатар оны орындаушылардың да көздеген жеріне дәл тигізуге тырысатындығы сезіледі.

Бұдан да бөлек ақырындап болашақ қылмыскер бейнесіне психологиялық тұрғыда бойы үйрене бастайды. Сондай-ақ болып жатқан оқиғаны өз көзқарасымен бағалап, атыс қаруын қолданудың қашан тиімді болатынын және орынды қолдануға машықтанады.

Фотонысаналар дегеніміз яғни, нысана түріндегі қолына қару ұстап тұрған адамның суреті. Жеткілікті деңгейде тиімді дайындалу үшін курсант пайдалы дағдыларды үйренеді. Ал жақсы дайындалу үшін сапалы суреттеме нысана қажет.

Дайындаудың қазіргі заманғы талабын ескере отырып, мүмкіндігінше еліміз бен шетелдерде болған шынайы қақтығыстардан жинақталған тәжірибелерді пайдаланған дұрыс.

Фотонысананы әзірлеу қағидалары:

– фотонысананың түрлі түсті болуы және мүмкіндігінше тұлғаның бейнесін шынайы бейнелеу;

– екі оқ тигізу аймағы, өмірлік орталық аймағы «оқ тигенде өлтіретін» және шеттегі аймағы «жарақат келтіретін» сондай-ақ, оқ тигенде тек сызат келтіреді бірақ қылмыскер тоқтамады, бұдан бөлек «нөлдік аймақты» көрсету;

– осы сызып белгіленген аймақтар нашар реңмен көрінеді, алыс қашықтықта олар көрінбейді, тек нысананы тексеру кезінде ғана көрінеді;

– ағза ішкі органдарының суреттемесі, оқ қай органға тигенде бірден өлім келтіретін ерекшелігі мен жарақат келтіру тиімділігін білуге, бұл сызықтар да тек қысқа қашықта көрінеді;

– түнгі немесе көмескі, күнгірт уақытта дайындалуға тиімді «жарқырап жылтырамайтын», бірақ, алыс қашықтық пен төңіректе анық көрінбейтін мүсіндердің сұлбалары болуы тиіс.

Арнайы атыс дайындығына арналған қазіргі жаңа үлгідегі фотонысана топтамасы жоғары талаптарға сай келеді. Расында жана нысаналарды атудың тактикасын үйрену полиция қызметкері мен арнайы бөліністер қызметкерлеріне таптырмайтын оқу-құралы болар еді.

Сонымен қатар фотонысаналар ең алдымен атудың өзекті тактикалық шеберлігін үйрену үшін ғана емес, жағдайға байланысты тез арада шешім қабылдауға дағдыландырады. Мұндағы басты назар практикалық тұрғыда шапшаң қимылдап ату ғана емес, тек қана заңды өрескел бұзушы адамға дәл тигізіп атуға машықтанады. Жауаптылығы жоғары және адекватты реакция әркімге, әсіресе кәсіби қару қолданатындарға да өте маңызды.

Фотонысанамен келесідей жаттығуларды орындауға болады:

– нысаналарды полигонда бұрылатын құрылғыға орнатып, қаруды тиімді ату үшін және шектеулі уақытта қару қолдануға шешім қабылдау мүмкіндігін таңдауға;

– үй-жайларда немесе адамды кепілдікке алған қарулы қылмыскерді дереу, міндетті түрде залалсыздандыру үшін арнайы дайындалуға;

– нысананы, орманды табиғи төңіректегідей орналастыру және қылмыскерлердің тобымен кездесуі, шабуылдау және шегіну кезінде атысуға;

– «тобыр» жасау, олардың қасында, жолдың жанында тұрған әртүрлі нысаналарды орналастыру және кейіннен машинаға, болмаса жүріп бара жатқан күзетілген колоннаға шабуыл жасалғанда, топтың ұрыстық әрекетін (торуыл) тойтару кезінде атыс қаруын қолдануға.

Қорытындылай келе болашақта еліміздің ведомстволық оқу орындарындағы атыс даярлығы бойынша оқу процесінде заманауи фотонысаналарды пайдалануды ұсынамын. Бұл үшін міндетті түрде компьютер мен мультимедиялық проектор жеткілікті. Мультимедиялық проектормен таза қағаз бетіне фотонысананы бейнелеу арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, стандартты нысаналарды әзірлеуге кететін қаржыны әжептәуір үнемдеуге және курсанттардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Әзірге мұндай оқыту варианттары елімізде өкінішке орай қолданылмайды. Келешекте осындай фотонысаналар түрлерін атыс даярлығы бойынша практикалық сабақтарды өткізуде қолданатын болсақ, атыс даярлығының оқу процесін едеуір жетілдіретін едік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- i. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы // www.online.zakon.kz
- ii. Жалпыға бірдей Адам құқығы. 1948 жылдың 10 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған декларациясы. // www.un.org.ru

Резюме

В настоящей статье рассматривается применение фотомитшеней в учебном процессе в целях совершенствования огневой подготовки в ведомственных учебных заведениях.

Resume

In the given article is considered using of photo targets in studying process with the aim of improvement of firearms training in law enforcement educational schools.